

Шакиржанова Инзира Сериковна - биология магистрі,
Маймакова Диана Байзоллаевна- жаратылыс ғылымдарының магистрі,
Кажибоева Айғаным Ертаевна - жаратылыстану ғылымдары магистрі.

III. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Қазақстан

inzira_nurjan@mail.ru

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДЫҢ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ РӨЛІ

Бүгінгі әлем дамуының жаңа ұстанымдары білім беру жүйесінен күн сайынғы экономикалық, әлеуметтік және мәдени өзгерістерге мейлінше бейімделуді талап етеді. Әлем қазіргі күні «білім қоғамын» және «білім экономикасын» құру бағытында. Бұл ауқымды мәселе туралы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев жолдауында былай деген: «Біз білім беруді жалғастыруды одан әрі жалғастыруға тиіспіз. Сапалы білім беру Қазақстанның индустрияландырылуының және инновациялық дамуының негізіне айналуы тиіс». Сондықтан өз шәкірттеріне сапалы нәтижелі білім беруді мақсат еткен әр ұстаз өз тәжірибесін жаңашылдық арнасына бағыттап, әр әдісін тиімді қолдануы шарт [1].

Сонымен қатар Ғаламды шарпыған індеттің елімізге дендеп енуіне байланысты, енгізілген төтенше жағдай қашықтан оқыту қанатын кеңге жайғаны азаматтардың әдеттегі өмір салтын өзгертті. Уақыт бізді таңдады, біз тарихи мүмкіндігімізді жүзеге асырудамыз.

Білім беру жүйесінде айтарлықтай өзгерістер болды. Коронавирустың таралуын болдырмау мақсатында 16 наурыздан бастап Қазақстанның барлық білім ордаларында онлайн режимде оқытуға көшірілді. Бұл оқыту жүйесі білім алушы буынға үлкен әсерін тигізуде [1].

Қазіргі уақытта ақпараттық- коммуникациялық технологиялардың заманауи талаптарға сай дамуы білімді бағалау және пайдалану жүйесін уақытылы өзгертіп отыруды талап етеді. Осыған байланысты оқытуда қолданылатын әдіс- тәсілдер, әдістемелер, технологиялар білім беру талаптарына байланысты жаңартылып отырады. Сапалы терең білімді меңгеруге талпынған өскелең ұрпақтың жеткілікті дәрежеде сандық сауаттылығы бар, себебі олар өмір жағдайлары барысында жаңа технологияның барлық мүмкіндіктерін пайдаланады. Сол мүмкіндіктерді нәтижелі қолдану мұғалімнің біліктілігіне, біліміне, тәжірибесіне байланысты [2].

Сонымен қатар қазіргі уақыттағы ғаламды шарпыған індеттің елімізге дендеп енуі, яғни эпидемиялық төтенше жағдайға байланысты қашықтан оқыту қанатын кеңге жайғаны баршамызға аян.

Қашықтықтан оқыту- ақпараттық құралдар және ғылыми негізделген тәсілдер арқылы білім алу формасы. Қашықтықтан оқытуда 2 компонент бар: оқытуды басқару және өз бетімен білім алу.

Қашықтықтан оқыту дегеніміз - мұғалім мен оқушы арасында қандай да қашықтықта интернет ресурстарының сүйемелдеуімен өтілетін оқытудың формасы, яғни интернет желілерінің көмегімен белгілі бір арақашықтықта оқыту. Білім алушы мен педагог қызметкерінің жанама (алыстан) немесе толық емес жанама өзара іс-қимылы кезінде ақпараттық- коммуникациялық технологияларды және телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып жүзеге асырылатын оқыту [2].

Қашықтан оқыту технологиясы –оқу үрдісі кезінде білім алушылар мен мұғалімдер арасында интерактивті өзара іс-әрекетте оқытылып, материалдың негізгі көлемін оқып үйренушілерге жеткізуді қамтамасыз ететін, оқылған материалдарды меңгеру бойынша, сонымен бірге оқу үрдісі барысындағы оқып үйренушілердің өз бетімен жұмыс істеуіне мүмкіндік беретін ақпараттық технология. Қашықтан оқыту– компьютерлік және телекоммуникациялық технологияларға негізделген оқытудың құралдары мен түрлері, білім беру

үрдісінде үздік дәстүрлі және инновациялық әдістер қолданылатын білімді қабылдау түрі болып табылады [2].

Білім беру үдерісінде қашықтықтан оқытудың келесі технологиялары қолданылады: вебинар; бейне сабақ; online тренинг; "online" (синхрондық) және "offline" (асинхрондық) режимдеріндегі қашықтық сабақтар.

"Online" (синхрондық) режимдегі оқыту дегеніміз— интернет ресурстарының көмегімен ағымдағы уақытта белгілі бір қашықтықта мұғалім экранын көру арқылы оқытуды ұйымдастыру формасы [3].

"Offline" (асинхрондық) режимдегі оқыту дегеніміз- интернет ресурстарының көмегімен (электрондық пошта) мұғалім мен оқушы арасындағы ақпарат алмасуды қамтасыз етуге мүмкіндік беретін оқытудың формасы[3].

Вебинар дегеніміз – интернет желілерінің көмегімен семинарлар мен тренинтер өткізу формасы [3].

Қашықтықтан оқыту технологиясының артықшылықтары:

- заман талабына сай ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялар мен құралдарды қолдану;
- интерактивті әрекеттесу формалары;
- сапалы білім алу;
- уақытты үнемдеу;
- ыңғайлы уақытта оқу;
- территориялық шектеулер жоқ;
- денсаулық күйі бойынша шектеулер жоқ [4-5].

Қашықтықтан оқыту технологиясының кемшіліктері:

- кабинеттер компьютерлермен толық қамтамасыз етілуі керек;
- қашықтан оқыту курстары және бағдарламалары болу керек, оқытудың әдіс – тәсілін жасау, жобалау, арнайы курстар, үйірмелер ашу;
- қашықтан оқытудың өмірде жиі пайдалану, пайдаланудың тиімді әдістерін ойлап табу;
- алыс-жақын шет елдердегі қашықтан оқытудың іс-тәжірибесін оқып-үйрену;

- қашықтан оқытуда оқушының білім сапасын бағалаудың жаңа критерийін жасау;
- ақпаратты-техникалық жабдықтау қызметі қашықтан оқытудың программалық, ақпараттық және техникалық құралдарын дайындау;
- мультимедиялық бағдарламалармен жабдыкталуы керек [4-5].

Қашықтан оқыту біздің елімізде кең таралуы жайлы айту әлі ертерек, толыққанды қашықтан оқыту туралы айту үшін оқу орындарында және оқушының үйінде де жақсы техникалық және программалық құралдар болуы тиіс. Оның үстіне байланыстың сапасы жоғары болуы тиіс, бізде ол жағы әлі әлсіздеу. Білім Министрлігінің тарапынан қашықтан оқыту формасының әрекетіне қатысуында жетіспеушілік бар, нормативті-құқықтандыру, экономикалық және финанстық сұрақтар, интернет бағасының жоғарлығы [6].

Қорыта айтқанда қашықтықтан оқыту қазіргі заман талабы болса, оны ұйымдастыруда ең бастысы электрондық материалдар, қашықтан оқытудың дидактикалық жасалымы, педагог- үйлестірушілерді дайындау болып табылады. Бұл біліктілігі жоғары, зияткерлік және кәсіби деңгейі дамыған, халықаралық дәрежедегі бәсекеге төзімді қоғам құруға зор көмегін тигізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2030» Жолдау.
2. Ахметова Г.К., Караев Ж.А., Мухамбетжанова С.Т. Білім беру ұйымдарына электрондық оқыту жүйесін енгізу жағдайында педагогтардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру әдістемесі.// Алматы: АҚ «ҰБАО «Өрлеу», 2013.
3. Қазақстан және ТМД елдеріндегі білім беруді ақпараттандырудың IV Халықаралық форумының ғылыми мақалалар жинағы (18-19 бет.38-39 бет. 118-119 бет. 460-461 бет).
4. Журнал «Мектеп» № 11(6 бет)
5. Журнал «Информатика негіздері» № 1 – 2010 ж (11-14 б)

Интернет ресурстары:

6. <http://el.kz/>; <http://e.edu.kz/>; <http://stud.kz/>